

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ISSN 1991-3494

Volume 3, Number 355 (2015), 269 – 274

**GLORIFIED HEROES OF THE KAZAKH PEOPLE
B. MOMYSHULY AND MUKHTAR AUEZOV**

B. A. Beknazarov

Zhetysu state University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan.
E-mail: E-mail: bahajuz@mail.ru

Keywords: literature, piece, writer, war, portrait.

Abstract. The creative beginning in the approach to any business distinguished the character of Baurzhan Momyshuly. It was not in his nature to adapt to circumstances. Only a great person has such a behavior. About such a person we can say: this person has extraordinary strong-willed qualities and sense of responsibility. These qualities can be extraordinary only when they are realized in life. These qualities have become a business for Baurzhan at the forefront during defeating the Motherland, at the desk during writing books. And it is enough to mention his sayings to be sure. Some of them have become aphorisms and entered our everyday life. Being a twenty-year-old-guy he says firstly to himself: «Even the rest is prison without labor». And since this day it becomes his way of life and his law of life. Every day is labor. But not according to the proverb: «No matter what to do if the day passes by». Labor is considered as a boon, as an act with the recoil of all forces.

The article considers the question of B.Momyshuly's writer's skill. The question of authorship of B.Momyshuly and M.Auezov is examined in the article. So as not being a professional literary critic and a writer's story «Our family» became one of the most prominent works in the Kazakh prose. In particular portrait in the work B.Momyshuly, is considered as an important element of artistic skill principles and of the writers worldview.

ӘӨЖ 821.512.122

**ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰРАНЫ БОЛҒАН ҰЛЫ ТҰЛІҒА
Б. МОМЫШҰЛЫ ЖӘНЕ МҰХТАР ӘУЕЗОВ**

Б. А. Бекназаров

I. Жансүгіров атындағы Жетісү мемлекеттік университеті, Талдыкорған, Қазақстан

Тірек сөздер: әдебиет, пьеса, жазушы, соғыс, портрет.

Аннотация. Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуінің аркасында санамызда қайта жаңғырған ұлттық тұрғыдан ойлау мүмкіндігінің кең әүже алудың байланысты ұлттық руханиятының еңесі күн санаға ілгері дамыған замана көшімен жарыса бой көтеру үстінде. Қазақ әдебиетінде жаңадан іргесін қалап, шоқтығы биіктей бастаған «Бауыржантану» саласының ғылыми тұрғыда үдерес дамып, өркендеу жолына бет қоюы да соның бірден-бір айғағы.

Шын мәнінде соғыс тақырыбында жазылған қайталанбас шығармалары мен елімізде әскери патриоттық тәрбие саласын жандандыру жолында сінірген ерен еңбегі өз дәрежесінде елеп-әскерілмеу себепті әлі күнге лайықты бағасын тольк иеленіп ұлгермен Бауыржан Момышұлының тарихи тұғырлы орны тым биікте.

Бұл ғылыми мақалада Ұлы Отан Соғысының батыры, жауынгер жазушы Бауыржан Момышұлы мен Мұхтар Әуезовтың арасындағы әдеби-шығармашылық байланысы жайлы сөз болмак. Б.Момышұлы Мұқанаңа жолдаған хаттарында қазақ жазушыларының жайы, аударма мәселесі, «Намыс гвардиясы», немесе А.Бектің өзі туралы жаза бастаған шығармасы, т.б. тольк жатқан мәселелер жөнінде бірде сырласуға, бірде сын пікірлерге ауыса отырып, жазушыға ой салу, ақылдаса кенесу жағына көбірек бой ұрған. Әсіресе, оның «Абай» романы алғаш рет жарық көргенде қырғын майдан ішінде жүріп, үш рет арнайы хат жазу арқылы тұнғыш пікір қозғап, аса жогары баға береді. Мақалада аталған мәселелер батырдың архив материалдары негізінде қарастырылды.

Мұхтар Әуезов пен Бауыржан Момышұлы арасындағы әдеби-творчестволық байланыс жайлы жазушы архивінде сакталған бірсыныра жазба деректерге зер салсақ, көптеген жәйттерді анғарамыз.

Бауыржан Момышұлы Ұлы Отан Соғысына дейін де жазушыны көптеген оқырмандардың бірі ретінде сырттай білетін-ді. Олардың бір-бірімен сырттай танысып, тікелей хат жазыса бастауы да Москва түбіндегі алғашқы жеңістен кейінгі кезең. Қазақстандық 8-гвардиялық дивизиясының тенденсі жоқ ерлігі, оның атакты командирлерінің бірі аға лейтенант Бауыржан Момышұлының данқы әлемді дүр сілкіндірді.

Ұлы жазушы назары да Баукеңе осы тұста ауа бастаған. Алғашқы байланыстың хат жазысып, пікір алмасудан басталғаны байқалады. Мұхтар Әуезовтің майдан жайлы кесек туынды жазуды мақсат етіп жүргенін Бауыржан Момышұлының хаттарынан көреміз. Майдан шындығы жөнінде жазылған көптеген көркем туындыға көнілі толмай жүрген Баукең үлкен жазушының бұл ниетін қызу қуаттап: «Отан соғысын тақырып етіп еңбек етемін. Ол еңбекті атусті емес, әдеби мағына-мазмұнына терең түсініп, біліп алғып бастаймын деген ниетініз, талабыңыз мені өте куантады... Сіз сияқты қазақ әдебиетінің полковнігі шынында солай етпеуіне болмайды» (1942 жылы, 18 август), – деп аса актуалды да күрделі тақырыпты қолға алуға асыға ұмтылған жазушы мақсатына шын ниетімен қуанышты [1, 42 б.].

М.Әуезов данқты 8-гвардиялық дивизиясы өмірінен Ә.Әбішевпен бірігіп «Намыс гвардиясын», кейін «Ер серігі – сергек ой» деген әңгімесін жазады. Бұл шығармаларына нақтылы өмір шындығын, түрлі майдан деректерін өзек етеді. Мысалы, «Ер серігі – сергек ой» әңгімесін тікелей Бауыржан Момышұлының өз аузынан естіген оқиға желісіне құрса, «Намыс гвардиясын» Әлжаппар Әбішевтің майданға арнайы барып, жинаған нақты деректерінің негізінде жазады. Осы жәйттер Баукеңнің өз хатында:

«... Әлжаппар осыдан жинап алған материалдарға тольк түсініп, оларды сізге айтып бере алды ма екен?», – деп хабарлауынан-ақ аңғарылып тұр [2, 7 б.].

Как же вы могли допустить неосторожность с «Намыс Гвардиясы» слишком наивную доверчивость – получилось неестественное, печальное несовместимое вашего золотого таланта, полной художественной силы, беспредельно богатого, гибкого, маневренного, сочного и насыщенного разумной логикой языка – с невежеством, узким кругозором недалеким умом вашего соавтора.

Ведь богомазы никогда не считались художниками, хотя они малевали лучше, чем любой художник, т.к. из-под кисти богомаза никогда не выходило полотно реальной жизни...

Ах, как жаль, и становится обидно, когда истинный художник, сотрудничая с невеждой, неосторожно выглядит богомазом.

В пьесе совершенно отсутствует порядок, нормы военного и гражданского поведения и такта, доходящий до порнографической вульгарности – то эта дура Нина с необузданными интимными чувствами, подставляющая уста при каждом удобном и неудобном случае для поцелуя?

К чему расхваливать Алентину, приписывая ей разную небылицу? Где же сила приказа, его безотлогательность, реальность расчета властного повелевающего командира?

Что за рассуждения, разглагольствования вокруг выполнения боевой задачи и что за торговля и добровольности и умоляющая просьба – кому идти головным?

Откуда вы взяли шапкоиздательские победы, без упорного сопротивления, критического положения, иногда и временного поражения? Что за шум, гам и без умолка, до тошноты, ура?

Куда вы дели полновластного офицера, навязывающего свою волю не только подвластным ему воинам, но так же и противнику – даже Панфилова показали, как мастера рукопашного боя. Неужели вы не понимаете? Что такое тактика и стратегия?

Нельзя же рассматривать всех, как солдат с винтовкой со штыком. Где же военная наука, оперативно-тактические замыслы, тактико-стратегические значение операции /боев/ и реальное положение сторон в обстановке.

Куда вы дели кроткого солдата, повинующегося, безукоризненного, честного, бравого, отважного, простогоояку, а ваш Толеген скорее клоун для сцены, чем солдат на поле боя.

Я часто резок и груб с друзьями – это мой недостаток. Очень сожалею, что могу помочь только наказанием за ваши оплошности. С глубокимуважением к вам – ваш Бауржан» [3].

Дәл осылай өз хаттарында жауынгер жазушы заманның занғар қаламгері Омарханның Мұхтарына сынни пікір айттып, кемшілік тұстарын көрсетіп отырған.

Мұқан 1944 жылы қаңтар айында майданнан келген Бауыржан Момышұлымен алғаш рет кездесіп, сұхбаттасады. Сый қонақ ретінде арнайы шақырған жыр алыбы Жамбылдың үйінде де Баукеңмен бірге болып, әңгіме үстінде оның тек атақты, даңқы шыққан батыр ғана емес, терең ойлы, пікірлі азамат екендігін де тани түседі.

Қазақ ССР Ғылым академиясында академия басшыларының ұйымдастыруымен тарих, әдебиет, өнер қайраткерлерінің таңдаулы шағын тобына полковник Бауыржан Момышұлы өткізген алты күнге созылған әңгіме-дәріске Мұхтар Әуезов те белсене қатысады. Күні бойы оқылып, бір аптаға созылған осы әңгіме-дәрісті М.Әуезов ерінбей-жалақпай қалың дәптерді толтыра орыс тілінде конспектілеп, қағазға түсіріп отырған. Мұқаның аталмыш жазбалары: «Баурджан, его беседы, лекции читанные в течение 6 дней января 44 г.» деген тақырыппен Мұхтар Әуезовтің әдеби-мемориалдық музейінің архивінде, №409 папкада сақтаулы тұр.

Мұқан дәптерге әңгіме-дәрістің мазмұнын ғана түсіріп қоймай, Бауkenнің сырт көрінісіне, психологиялық қүйіне, ой тәркіндерінің өзекті желісіне жіті қеніл беліп, көзі шалған кейбір ерекшеліктеріне дейін арнайы жақша ішіне алып, қағазға түсіріп отырған. Жазып алғандарының бәрін ой елегінен қайтара өткізіп, өзіне қажет деген жерлеріне біресе көк, біресе қызыл қаламмен белгі соққан.

Әңгіме-дәріс үстінде Баукең әскери терминдер мен сөздерге, кейбір теориялық ұғымдарға түсініктеме беріп, негізгі тақырыптан ауытқындырап отырмын, осының қажеті бар ма дегенде, М.Әуезов: «Осыған дейін қалай айттып келсөніз, солайша жүргізе берініз, біз бәріміз де әскери адамдар емеспіз. Комментариялау негұрлым көп болған сайын біз үшін жақсы. Сізге белгілі нәрсе бол көрінсе де, бізге белгісіз. Біз әскери ғылымның, тіпті, әліппесінен бастап білуге құштармыз», – дейді дәріс үстінде. Өзі көш бастаған ғұламаған бола тұрып, білмегенін білуге, тіпті, жан-жақты тереңірек білуге ұмтылған жан құштарлығы тәлім алар өнеге[2 ,12 б.] .

«Ер серігі – сергек ой» әңгімесін жазуға Б.Момышұлы айтқан осы әңгімелері үстінде ой тоқтатқан сияқты. Себебі, Мұқан «Әшекейі, айшығы жоқ анық шындық кескіні осы» деп, түбінде кең көлемде пішіліп, сомдалатын келешек өнер хикаясының тек сүйекті желісін ғана түсіргенін ескерткендей болады да: «Бұның өзі бір зор дастан, кең хикая болмақ керек. Соған талай ақын, жазушы тағы талай оралып соқсын деп, кең кесіліп шертсін деп, бұл жерде, әзірше тек болған халдің өзін ғана айтпақпаз», – деп шектеле сөйлеп, түбінде Бауkenнің ерлігі жайлы талай хикая, дастандардың жазыларына зор сеніммен қараған.

Б.Момышұлы Мұқана жолдаған хаттарында қазақ жазушыларының жайы, аударма мәселесі, «Намыс гвардиясы», немесе А.Бектің өзі туралы жаза бастаған шығармасы, т.б. толып жатқан мәселелер жөнінде бірде сырласуға, бірде сын пікірлерге ауыса отырып, жазушыға ой салу, ақылдаса кенесу жағына көбірек бой ұрады. Әсіресе, оның «Абай» романы алғаш рет жарық көргенде қырғын майдан ішінде жүріп, үш рет арнайы хат жазу арқылы тұнғыш пікір қозғап, аса жоғары бағалау фактісінің өзі қызық.

«Абайдың» бірінші кітабының жарыққа шығуна да өте қуаныштымыз, бұл хабар қазақ әдебиетінің тұңғыш ұл баласының қайта туғанындай болып естіледі, амандақ болса, оқып көріп, пікірімізді адаптируем.

Әрине, үмітсіз адам болушы ма еді. Соғыс бітсе, біз жеңсек, аман-есен елге тірі қайтып, жақын ағайын-туғандардың дидарын қуанышпен көрсек дейміз. Ол үшін жан-тәнімізді аямай қан майданға қызу кірісеміз. Егер де ол ниетке жетсек, әңгімені дастан-дастан етіп айтып беруден біз қашпаймыз гой, бірақ та майдан өмірдің қыл көпірі емес пе? Ол көпірден жанның бәрі аман-сау өте бермейді ғой. Сол тар жол, тайғақ кешуде мыңды бастаған өте қыын. Ғажайып міндет емес пе?

«Білмеймін қандай асу алда жатыр,
Құз ба еken, қия ма еken таңдай татыр?
Сыйынып аруақ пен бір құдайға,

Ұстадым етегінен, баста, батыр», – деп сөйлетпес пе едініз. Бастаған бұқара, солдат өзінің қолбасына осыны айтып, сеніп, сыйынып артына ілеседі. Мыңың істеген ісін ізсіз тастап кету қолбасына үлкен сын емес пе? Ол көзі тірі кезінде айтып, жазып бергіш үлкен борышын орындағаны болып табылмай ма? Сондықтан мен асықтым, толық етіп айттым кімге?

«Знамя» дейтін журналдан Александр Альфредович Бек дейтін жазушы қайтадан келіп айтып бергін деп телміріп отырып алды. Зерікпестен бір жарым ай ілесіп жүрді. Жаман да болса, әйтеуір, қағаз бетінде қалады ғой деген оймен мен оған бастаған өткен соғыстардың барлығын Мәскеуге дейін толық етіп, әрбір соғысты 2-3 сағаттан баяндағы. Бір жарым ай дегенде Бек менің айтқандарымды бұлжытпай жазып алдып, жақындағандағы кетті. Екінші бөлімін қайта келіп жазбақ. Бек – үлкен жазушы емес, жақсы стенограф, айтқандарынды айтқанша жазады, оның қасиеті сол.

Кетерінде мен оған былай дедім:

– Сен жазатын кітаптың қысқаша мазмұны мынау:

Мен істедім дегенше,
Мын істеді десенші.
Ер істеді дегенше,
Ел істеді десенші.
Мен мыңдікі болмасам,
Ел ердікі болмаса,
Кім істеді дер едің?

Қызыметінді, Бек, ешкімнен қызғанба, жасырма. Сен айтқанымды жазып алдың, бірақ та түсінген жоқсың, себебі сен мен бастаған мыңның кім екенін, менің кім екенімді, қазақтың салт-санасын, әдет-ғұрпын білмейсің. Мен айтқан қазақтың халық мақалдарын жазуға сенің қаламың шорқақ, тілің қысқа. Байқа, ақылдас, – деп едім. Бек:

– Кіммен ақылдасайын. Сіздің ойынызды бөліп жазып алған нәрсеге сізді қайта әурелеуге ұялдым, – деді.

– Кіммен ақылдасуынды Мәлік пен Құрманбектен сұрағын, – дедім мен.

Мәлік пен Құрманбек Сіздің ұсынғанға ұқсайды. «Қырық мақал» дейтүғын бір нәрсе жазып едім, егер де оны Құрманбек жүріп кетсе, тапсырап. Уақыт, жағдай белгілі ғой. Ойдағымызды түгел етіп жазуға жағдай қайдан келсін, айып етпеніз.

Хатыңызға, таланттыңызға бас иіп сәлем беруші Бауыржан.

Әбділдә мен Әлжаппарға сәлем айттынызды сұраймын. [2, 5 б.]

1942 жылғы 8 августағы хатында «Абай романы баспадан шықты деген хабарды естіп, қуаныш сезімін білдіре, 1942 жылғы он сегізінші қазанды жазған хатында роман жөніндегі пікірін бұлжесіз жазып: «... Тайғасовтан беріп жіберген «Абайды» алды. Өте көңілді, бас иіп Сізге раҳмет айтамын. Уақтылы-уақтылы терең оймен, жұмырылып оқымасам да, ат үстінен шетінен кеміріп журмін, сындауға, міндеуге, оны терең ойлауға уақыт керек қой. Әсіресе, кәсібі сыншы, мінші емес, әдебиеттен тыскары қара бұқара адамға. Сөйтсে де «Абайға» беретін менің бұқаралық бағам, пікірім қара шаруа (мужик) мынау (өте аның көрінсе, кешіруінізді тілеймін): Қарап тұрып қалғандай-ақ баспадағы жігіттер қағаз, әріп, мұқабаны көркемдеп басу жағына өте сараңдық істепті (баспа бастығының фамилиясы Қарамбаев емес пе еді?), сауатты корректор жалдауға жалакы қоры аздау болып, кедергі болған білем. Қателері, құдайға шүкір, молдауға ұқсайды. Мен редактордың маянасының жартысын корректорға берсем де, қатесіздеу етіп бастыруға тырысар едім.

Мен және мен сияқты бұқара оқушылар бұрын «орта жастағы Абай», «жасы келіп қалған Абай», «қарт Абайды ғана» танитынбыз.

Абай бала кезінде, жасөспірім жігіт кезінде қандай Абай болды екен, қалай тәрбиеленіп, көзқарастары, данышпандығы қайdan суарылып, қайdan дәм татып, қалай гүлдеп, қалай мәуеледі екен? Абай анадан 25-тегі жігіт бойынша туған жоқ қой, яки аспаннан данышпандық, ақындық, асылды қасиеттерімен түскен періште емес қой, пайғамбар да емес деген сұрақтарды бірнеше рет алдымызға койып, еш жерден, әдебиетшілерден, тарихшылардан жауап таба алмай шаршап, шалдығып күте-куте қойған болатынбыз.

Сізге мен таныс та, тамыр да емеспін. Қошемет етіп, жалпастанар жайым жоқ. Мен солдаттың ерлігіне, ептілік шеберлігіне, әдіс-айласына дұрыс, әділ баға беріп үйренген солдаттын. Мен Сізге, Сіздің жазған тарихи Абайға көзқарасымды өзгертіп, ұстаған жолымнан таймақ емеспін, көргенімді өзімше айтпақпын.

«Абай» өте көркем, шеберлік, арғымақтай сынды, тап-түйнак, пысық, қысқа, өте мазмұнды (артық сөзсіз), қазақтың жалпақ әдемі жұмыр тілімен жазылыпты. «Словам тесно, мыслям просторно» деген екен баяғыда бір шоқынған. «Абай» сияқты бір кітапты оқып отырып, бұл Сіздің таланттыңдың табысы екендігінде сөз жоқ.

Егерде «Абайдың» бірінші кітабын Сіздің кейбір бірадарларының жаза қойған болса, былжыратып, аумағын аз дегенде «құрандай» етіп жазуы да сөзсіз.

Зере мен Ұлжан – жалғыз Абайдың емес, барлық халық анасы, аналық (халыққа) сезімі мол, елдің мұндын мұндалап, жырын жырлаған аналар болып ақықат көрсетілген, Оларға қарсы мейірімсіз, қатігез феодал, деспот Құнанбайға жолыққанда денен түршігеді. Бала Абай осы екі оттың – екі ықпалдың арасында толығынан көрсетіліп, тарихы анық айқындалған. Мен «Абайды» таныдым, көптен бергі сұрақтарыма Сізден мазмұнды, мәдениетті, тарихи шын жауап алдым. Қазақтың салт-санасы, әдет-ғұрпы толық, айқын, көркем көрсетілгенмен олардың шет жағасын көргенмін, сондықтан түсініп, біліп отырмын, тек айтылған сөз деп таппаңыз. Қоғамдық жұрт мәселелері жағына Сіздің еңбегінде «Слог охарактеризует не только человека, но и общество данной эпохи» деген Н.Гогольдің айтқанынан басқа айтарым жоқ.

Әзір «Абайды» оқып параптап отырып, ең аяғында «Мазмұны» деген бетті оқып отырып, біраз кейін шолып қарасам: «Қайтқанда», «Қат қабатта», «Өрде», «Қияда» деген аттар тек жазушының қоя салған аты емес көрінеді-ау. Оларда мән бар екен. Онынызға да аз ғана болса да түсінгендей болдым-ау деймін. Бұрын олар ойыма да келменті ғой. Жаңа ғана білсем, не істерсіз. Менің қысқаша пікірім осылайша[2,13 б.] .

Кейін сындарқақ пікірлер бас көтере бастағанда М.Ғабдуллин екеуі «Социалистік Қазақстан» газетінің басқармасына ашық хат жолдап, жазушы таланттына ара түсіү де көп жағдайды анғартса керек. Мұқанмен осындай әдеби-творчестволық байланыста болған Баукең өмірінің соңғы кезінде «Адамдар, кездесулер» деген естеліктер циклін жазып журді. Онда өзі құрмет еткен ағасы Мұхтар жайлыш естелік көлемді орын алмақ еді.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Момышұлы Б. КР ОММ 1432-кор. -2-тізім. 44-іс.
- [2] Момышұлы Б. Алыстан сәлем жолдаймын. Қоңтомдық шығармалар жинағы, 20-том. – Алматы: Өнер, 2009.
- [3] Момышұлы Б. КР ОММ 1432-кор. -2-тізім. 89а – іс.
- [4] Әуезов М. // Өмір мен шығарма. Т.18. Шығармалар жинағы 1-20 Т. – Алматы: Жазушы, 1985. – 448 б.
- [5] Мырзахметов М. Мұхтар мен Бауыржан // Қазақ әдебиеті, 1980. – 9 мамыр
- [6] Б.Момышұлы Алыстан сәлем жолдаймын. Қоңтомдық шығармалар жинағы, 21-том.– Алматы: Өнер, 2009.
- [7] Александр Бек. Волоколамское шоссе. [Электронный ресурс] <http://militera.lib.ru/prose/russian/bek/01.html>
- [8] Голушки И. М. Солдаты тыла. – М.: Воениздат, 1988. – 270 с.
- [9] Чистяков И. М. Служим Отчизне. – М.: Воениздат, 1985. – С.70.
- [10] Мырзахметов М. Б.Момышұлы жайында сұхбат // Қазақ әдебиеті, 2004. – 10қыркүйек. – 8 б.
- [11] Ахметова З. Шуакты күндер. – Алматы: Жалын, 1987. – 264 б.
- [12] Әлімжан Е. Жанартау // Ақ жол. – 2000. – № 81 (15.381). – 4-5 бб.
- [13] М.Мырзахметұлы. Өмір өзен ағысында. – Алматы: Шапағат-нұр, 2010.
- [14] Әлімжан Е.А.Бек пен Б.Момышұлының әдеби келісім шарты // Қазақ әдебиеті, 2000. – 8 желтоқсан. – 10 б.
- [15] Б.Момышұлы «Перо – самое тяжелое оружие», 7-том. – Алматы, 2010.
- [16] Усенқұлова Г. Батыр-жазушы Б.Момышұлы шығармаларындағы кейіпкерлер психологиясының берілу сипатты туралы.

- [17] Гончаров М. Қанатты қаһармандар. – Алматы: Қазақстан, 1982. – 192 б.
- [18] Иманалиев Ж. Б.Момышұлының пығармашылығы мен әдеби көркем бейнесі. Автореф. Фиолол. ғыл. канд. – Алматы, 2006.
- [19] Ұқыт пен қаламгер. 5-кітап. – Алматы: Жазушы, 1977.
- [20] Өуезов М. Ұқыт және әдебиет. – Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1962.
- [21] Өуезов М. «Абай жолы» роман-эпопеясы. – Алматы: Жазушы, 1990. – 608 б.

REFERENCES

- [1] Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, the Fund - 1432, the inventory - 2, affair - 44.
- [2] Momyshuly B. Alystan Salem zholidaymyn. Multi-volume collection, V. 20 - Almaty, "Oner", 2009.
- [3] Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, the Fund - 1432, the inventory - 2, affair - 89a
- [4] Auezov M. // Life and work. V.18. Almaty: Writer, 1985 - 448 p.
- [5] Myrzakhmetov M. Mukhtar and Bauirzhan. Kazakh literature - 1980. - 9 May.
- [6] Momyshuly B. Alystan Salem zholidaymyn. Multi-volume collection. V.21 - Almaty, "Oner", 2009. Alexander Beck. Volokolamsk Highway. [Electronic resource] <http://militera.lib.ru/prose/russian/bek/01.html>
- [7] Golushko I.M. The soldiers behind. - M.: Military Publishing, 1988. - 270 p.
- [8] Chistyakov I.M. Serving the Motherland. - M.: Military Publishing, 1985, p.70.
- [9] Myrzahmetov M.B. Momishuly interview. Kazakh literature. 2004. September, 10.- 8 p.
- [10] Akhmetova Z. Sunny days, Almaty: Zhalyr, 1987 - 264 p.
- [11] Alimzhan E. Zhanartau. Ak Zhol. 2000, No. 81 (15.381) p.4-5.
- [12] Myrzakhmetuly M. "River of Life flows": Shapagat-Nur, 2010.
- [13] Alimzhan E.A. A. Beck and B. Momyshuly literary contract. Kazakh literature. - 2000 - December, 8. 10 p.
- [14] Momyshuly B. "Pen - the heavy weapon" V.7, Almaty, 2010.
- [15] Usenkulov G. Heroine writer of B.Momyshuly characters in the works of psychology on the nature of the issue.
- [16] Goncharov M. Winged heroes. Almaty: Kazakhstan, 1982. 192 p.
- [17] Imanaliev Zh.B. Momishuly's art and literary image. Autoref. Cand. Philol. Almaty: 2006.
- [18] Time and writer. 5-th book. Almaty: Zhazushy, 1977.
- [19] Auezov M. Time and literature. Almaty: Kazakh state literary publishing house, 1962
- [20] Auezov M."The way of Abai" novel. Almaty: Zhazushy, 1990. - 608 p.

ПРОСЛАВЛЕННЫЕ ГЕРОИ КАЗАХСКОГО НАРОДА Б. МОМЫШУЛЫ И МУХТАР АУЕЗОВ

Б. А. Бекназаров

Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, Талдыкорган, Казахстан

Ключевые слова: литература, пьеса, писатель, война, портрет.

Аннотация. Имя Бауржана Момышулы всегда звучало в устах простых людей и в часы испытаний, и в минуты радости. О нем вспоминали и в недалеком прошлом, когда кое-кем была поставлена задача унизить народ, подорвать его устои. Однако народ, породивший Бауыржана, вновь показал свою силу, не подставив покорно спину, не позволив очернителям и клеветникам одержать победу. А молодое поколение, подраставшее на ярком примере героических подвигов Бауыржана, поднялось выше своего времени и проявило необыкновенную смелость, сознательность и мудрость.

Статья посвящена вопросу становления военной литературы в казахской прозе. Так как тема Великой Отечественной войны не рассматривалась как художественная, профессиональные писатели не брались описывать картину военных лет и тем более искажать историю. В статье рассматривается вопрос писательского мастерства Б.Момышулы и М.Аузова. Так же говорится о пьесе «Намыс гвардиясы», который написали М.Аузов и А.Абишев про Бауырджана Момышулы. В частности, портрет в произведении Б.Момышулы рассматривается как важнейший элемент художественного мастерства и писательского мировоззрения.

Героев, равных Бауржану, природа в любые времена и любому народу дарует крайне редко. Поэтому Бауржан на протяжении всей своей жизни не испытывал недостатка в любви народа, был его баловнем, самым дорогим и уважаемым сыном. Народ взлюбил Бауржана, сложил о нем множество легенд и преданий, тысячи и тысячи новорожденных как знак доброй приметы нарекли Бауржанами, навеки прославив бесценнное имя.

Поступила 22.05.2015 г.